

**2002 жылғы 6 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасында Бірлескен экономикалық зерттеулер бағдарламасын әзірлеу және іске асыру жөніндегі техникалық ынтымақтастық туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттамаға қол қою туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 16 қарашадағы N 1203 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2002 жылғы 6 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасында Бірлескен экономикалық зерттеулер бағдарламасын әзірлеу және іске асыру жөніндегі техникалық ынтымақтастық туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттаманың жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі Қайрат Нематұлы Келімбетовке оған қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан 2002 жылғы 6 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасында Бірлескен экономикалық зерттеулер бағдарламасын әзірлеу және іске асыру жөніндегі техникалық ынтымақтастық туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттамаға қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

**2002 жылғы 6 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасында Бірлескен экономикалық зерттеулер бағдарламасын әзірлеу және іске асыру жөніндегі техникалық ынтымақтастық туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттама**

*(2004 жылғы 16 қарашада күшіне енді - СИМ-нің ресми сайты)*

2002 жылғы 6 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасында Бірлескен экономикалық зерттеулер бағдарламасын әзірлеу және іске асыру жөніндегі техникалық

ынтымақтастық туралы келісімнің (бұдан әрі - Келісім) Тараптары болып табылатын Қазақстан Республикасының Үкіметі (бұдан әрі "Үкімет" деп аталатын) мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі (бұдан әрі "Банк" деп аталатын) елдегі реформаларды одан әрі ілгерілету мақсатында мына төмендегілер туралы келісті:

1. Келісімнің 3-бөлімі мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Атауы өзгерген немесе Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің осы Келісімді іске асыру жөніндегі функциясын беру жағдайында Үкімет Банкке тиісті хабарлама жібереді."

2. Келісімнің 4-бөлімі мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Әр жұмыс кезеңіне арналған жыл сайынғы бағдарлама мен әкімшілік-қаржы сметасы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады."

3. Келісімнің 6-бөліміндегі бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Үш жылдық кезең ішінде Үкімет қоса қаржыландырудағы өз үлесін ықтимал ұлғайту құқығымен оның тиісінше 2005 жылғы 1 шілдеден 2006 жылғы 30 маусымға дейінгі, 2006 жылғы 1 шілдеден 2007 жылғы 30 маусымға дейінгі және 2007 жылғы 1 шілдеден 2008 жылғы 30 маусымға дейінгі әр жұмыс кезеңіндегі жалпы құнының елу пайызы (50 %) мөлшерінде БЭЗБ-ны қаржыландыруға қатысады."

4. Келісімнің 10-бөлімінің б) тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"б) Банк қызметкерлері және/немесе консультанттар әр қаржы жылында тоқсан сайын Жыл сайынғы бағдарламаға және осы жұмыс кезеңіне арналған әкімшілік-қаржы сметасына сәйкес уәкілетті органға уәкілетті органмен келісілген нысан бойынша және талаптарға сәйкес қаржының пайдаланылғандығы туралы есеп пен Банк көрсеткен қызметтер туралы есеп береді. Көрсетілген есептер уәкілетті органға әрбір есептік тоқсан аяқталғаннан кейін тиісінше екі және үш ай ішінде ұсынылады. Банк қызметкерлері және/немесе консультанттар әр жұмыс кезеңінен кейін үш ай ішінде уәкілетті органмен келісілген нысан бойынша және талаптарға сәйкес қаражаттың пайдаланылғандығы және Банк көрсеткен қызметтер туралы жылдық есепті де ұсынады."

5. Келісімнің 20-бөліміндегі "2005 жылдың 30 маусымына" деген сөздер "2008 жылдың 10 шілдесіне" деген сөздермен ауыстырылсын.

Осы Хаттама Келісімінің ажырамас бөлігі болып табылады және Келісімнің 20-бөлімінде көзделген тәртіппен күшіне енеді.

2004 жылғы "\_\_\_" қарашада Астана қаласында әрқайсысы қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі екі түпнұсқа данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Хаттаманың ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінді басшылыққа алатын болады.

Қазақстан Республикасының  
Үкіметі үшін:

Халықаралық Қайта Құру  
және Даму Банкі үшін:

Қайрат Келімбетов  
Қазақстан Республикасының  
Экономика және бюджеттік  
жоспарлау министрі

Шигео Катсу  
Өңірлік  
вице-президент

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК